

1 «Ә» сыныбының сынып сағаттары

Сынып сағатының тақырыбы: «Мектебім- мейірім мекені»

Мақсаты: Мектептің білім ордасы ретіндегі маңызын түсіндіру;

Мейірімділік, оқу-білім туралы өз ойларын ортаға салғыза отырып, білімқұмарлыққа шақыру
Сабақ тақырыпты талқылаудан басталды. Оқушылардың ойы тыңдалып, ақын жазушылардың сөздерінен, аңыздардан мысал келтіре отырып, «Мейірімділік тақырыбында постер құрастырдық».



Сынып сағатының тақырыбы: «Жолда жүру ережелерін білесің бе?»

Мақсаты: 1. Оқушыларға көшеде жүру ережесін үйрете отырып, алған білімдерін пысықтау.

2. Ойларын ашық айтуға, көше белгілерін жатқа айтуға дағдыландыру.


3. Жолда жүру мәдениетін қалыптастыру

Сабақ барысында жүргізушілер мен жаяу адамдар көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы керек екені, Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап ететіндігі, Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегіп жатқаны айтылды. Сонымен қатар Жолда жүру ережелері мен жол белгілері таныстырылды.



Сынып сағатының тақырыбы: «Қауіпсіз интернет»

Мақсаты: оқушыларға интернетті дұрыс пайдалану жолдары, зияны және пайдасы туралы түсінік беру, интернет желісіндегі әртүрлі блоктармен таныстыру;



Сынып сағаты : «Өзіңе және өзгеге жақсылық жаса»

Мақсаты:

- 1) Балаларға асыл қасиет ұғымын түсіндіру.
- 2) Оқушылардың адамгершілік қағидаларың рухани құндылықтар негізінде қарым-қатынасорнату қабілеттерін дамыту.
- 3) Адам бойында адмгершілік қабілетін нормаларын сақтау әдетін үйрету,өзін-өзі ізгілікке тәрбиелеу дағдысын қалыптастыру

Сынып сағатының тақырыбы: «Кітап білім бұлағы»

Мақсаты: Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Оны күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Сабақ барысында жұмбақтар шешіліп, ойындар арқылы мақал мәтелдер айтылып, өлең шумақтары айтылды. Мектепке балалар не үшін келеді? Оқу, білімді алу үшін оқушыға не керек? Кітаптың пайдасы туралы қысқаша ой қозғау ұйымдастырылып балалардың ойы тыңдалды! Кітаптың пайда болу тарихы туралы бейнесабақтар оқушы назарына ұсынылды.



Сынып сағатының тақырыбы: «Алғашқы Ұстазым!»

Мақсаты: Ұстаз еңбегінің жемісі, білім өмір шырағы, оқу - инемен құдық қазғандай деген ұғымдардың мағынасын оқушыларға түсіндіру. Ұстаздарды құрметтеуге тәрбиелеу



Сынып сағатының тақырыбы: «Дос болайық бәріміз»

Мақсаты: Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту. Оқушыларды өзімшілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.



Сынып сағатының тақырыбы: «Менің – Отаным Қазақстан»

Мақсаты: Оқушыларға «Республика күні» мерекесінің мән-мағынасын түсіндіру, шәкірттерді елін, жерін, салт-дәстүрін сүйуге тәрбиелеу.



